

	Қазақстан-Американдық еркін университеті	Күні 10.01.2022 ж.
	ҚАЕУ ПОҚ және ғылыми қызметкерлерін аттестациядан өткізу ережелері 9 беттен 1 бет	СІҚЖ редакция 3

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ
МИНИСТРЛІГІ**

ҚАЗАҚСТАН-АМЕРИКАНДЫҚ ЕРКІН УНИВЕРСИТЕТІ

«БЕКІТІЛДІ»
 ҚАЕУ Ғылыми кеңесінің шешімімен
 № 5 хаттама, «10» 01.2022 ж.
 Е. Мәмбетқазиев



**ҚАЗАҚСТАН–АМЕРИКАНДЫҚ ЕРКІН УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
ПРОФЕССОР-ОҚЫТУШЫЛАР ҚҰРАМЫ МЕН ҒЫЛЫМИ
ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІН АТТЕСТАЦИЯДАН ӨТКІЗУ ЕРЕЖЕЛЕРІ**

	Қазақстан-Американдық еркін университеті	Күні 10.01.2022 ж.
	ҚАЕУ ПОҚ және ғылыми қызметкерлерін аттестациядан өткізу ережелері 9 беттен 2 бет	СІҚЖ редакция 3

МАЗМҰНЫ

1. НОРМАТИВТІК ҚҰЖАТТАР	3
2. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР	3
3. АТТЕСТАТТАУ КОМИССИЯСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ	4
4. ҚҰЖАТТАРДЫ ҚАБЫЛДАУ, ҚАРАУ ЖӘНЕ ШЕШІМ ҚАБЫЛДАУ	4
5. АТТЕСТАТТАУ КОМИССИЯСЫНЫҢ ШЕШІМІНЕ ШАҒЫМДАНУ ТӘРТІБІ	6
ҚОСЫМША 1	7

	Қазақстан-Американдық еркін университеті	Күні 10.01.2022 ж.
	ҚАЕУ ПОҚ және ғылыми қызметкерлерін аттестациядан өткізу ережелері 9 беттен 3 бет	СІҚЖ редакция 3

1. НОРМАТИВТІК ҚҰЖАТТАР

Осы ережелерді әзірлеу барысында келесі нормативтік құжаттар пайдаланылды:

1. ҚР «Білім туралы» заңы 27.07.2007 ж. № 319-III;
2. 2018 жылғы 30 қазандағы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің № 595 бұйрығымен бекітілген жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын жүзеге асыратын білім беру ұйымдарының қызметі туралы типтік ережелер;
3. ҚАЕУ Кадрлық саясаты;
4. ҚАЕУ педагогикалық қызметкерлерінің лауазымдарына және оларға теңестірілген тұлғаларға арналған біліктілік сипаттамалары.
5. «Білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын бекіту және оларды сәйкестігін растайтын құжаттар тізімін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 17 маусымдағы № 391 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылғы 22 шілдеде № 11716 тіркелген.

2. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

2.1 Ережелер университеттің штаттық кестесіне сәйкес белгіленген (ары қарай - штаттық лауазымдар) ҚАЕУ профессорлық-оқытушылық құрамының және ғылыми қызметкерлерінің аттестациялау (бұдан әрі – аттестация) тәртібін анықтайды.

2.2 Аттестация педагогикалық қызметкердің біліктілік деңгейінің ҚАЕУ-дің педагогикалық қызметкерлері және оларға теңестірілген тұлғалардың лауазымдарына арналған біліктілік сипаттамаларына сәйкестігін анықтау мақсатында жүргізіледі.

2.3 Аттестацияға жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім немесе ғылыми дәрежесі/ғылыми атағы бар тұлғалар, сондай-ақ Қазақстан Республикасының ҚР ҒЖБМ СҚК-і тағайындаған ғылыми атағы мен дәрежесі жоқ, бірақ ҚАЕУ-дің «доцент немесе профессор» атағына ие және практикалық жұмыс тәжірибесі бар мамандар қатыса алады.

Спорт саласындағы ҚАЕУ профессорлық-оқытушылық құрамы мен ғылыми қызметкерлерінің аттестациясына ғылыми дәрежесі мен атағы жоқ, бірақ практикалық жұмыс тәжірибесі және осы мамандық бойынша танылған жетістіктері бар мамандар да қатыса алады.

2.4. Аттестациядан өтпейтіндер:

- сағаттық ақы бойынша жұмыс істейтін және қосымша қызмет атқаратын профессорлық-оқытушылық құрамның қызметкерлері;
- жүкті әйелдер; босану және баланы күту демалысында отырған әйелдер; үш жасқа дейінгі бала күтімі бойынша демалыстағы оқытушылар.

	Қазақстан-Американдық еркін университеті	Күні 10.01.2022 ж.
	ҚАЕУ ПОҚ және ғылыми қызметкерлерін аттестациядан өткізу ережелері 9 беттен 4 бет	СІҚЖ редакция 3

Бұл қызметкерлердің аттестациясы тек демалыстан шыққаннан кейін бір жылдан соң мүмкін болады.

- ҚАЕУ-де үш жылдан кем жұмыс өтілі бар тұлғалар.

2.5. ҚАЕУ профессорлық-оқытушылық құрамына профессор-зерттеуші, профессор, қауымдастырылған профессор (доцент), аға оқытушы, оқытушы лауазымдары жатады.

2.6. Аттестация әр бес жылда бір рет өткізіледі.

2.7. Аттестация аттестациялық комиссия арқылы жүзеге асырылады, ол ҚАЕУ ректорының бұйрығымен аттестация өткізу рәсімінен бір ай бұрын бекітіледі.

3. АТТЕСТАЦИЯЛЫҚ КОМИССИЯНЫ ҚҰРУ

3.1. Аттестациялық комиссияның құрамы, мүшелерінің саны және өкілеттілік мерзімі ҚАЕУ ректорының бұйрығымен айқындалып, бекітіледі.

3.2. Аттестациялық комиссия жұмысының негізгі міндеттері мыналар:

- 1) аттестацияға қатысу үшін баршаға тең мүмкіндік беру;
- 2) аттестацияны объективті әрі ашық түрде өткізілуін қадағалау;
- 4) аттестаттау комиссиясы отырыстарының кестесін айқындау;
- 5) аттестациялық құжаттаманы талдау;
- 6) аттестация қорытындылары бойынша шешім шығару.

3.3. Аттестациялық комиссия келесі құрамда құрылады:

- 1) аттестациялық комиссияның төрағасы – бірінші вице-президент, университет басшысының орынбасары (проректор);
- 2) аттестациялық комиссия төрағасының орынбасары – университет басшысының орынбасары (проректор), құрылымдық бөлімше басшысы;
- 3) аттестациялық комиссияның хатшысы – университеттің штаттағы қызметкері;
- 4) аттестациялық комиссияның мүшелері – кемінде үш адам (университеттің штаттық оқытушылары немесе ғылыми қызметкерлері, кадрлар басқармасы бөлімінің басшысы).

4. ҚҰЖАТТАРДЫ ҚАБЫЛДАУ, ҚАРАУ ЖӘНЕ ШЕШІМ ҚАБЫЛДАУ

4.1. Аттестациядан өтетін тұлғалар келесі құжаттарды тапсырады:

- 1) Аттестациялық парақ (1-қосымшаға сәйкес) – расталатын лауазымға байланысты аттестатталушының өзі толтырады (басып шығарылған форматта ұсынылады, аттестатталушының жеке қолымен расталады);
- 2) ҚАЕУ мен басқа университеттердің ғылыми басылымдарында, сондай-ақ ҚР ҒЖБМ СҚК басылымдарында жарияланған мақалалар үшін – басылымның мұқаба беті, мазмұны, мақала (немесе тезис);

	Қазақстан-Американдық еркін университеті	Күні 10.01.2022 ж.
	ҚАЕУ ПОҚ және ғылыми қызметкерлерін аттестациядан өткізу ережелері 9 беттен 5 бет	СІҚЖ редакция 3

халықаралық рецензияланған ғылыми журналдардағы жарияланымдар үшін – журнал мұқабасы, мазмұны, мақала және белгіленген үлгідегі ҰМҒТСО анықтамасының сканерленген көшірмесі;

ISBN бар оқу-әдістемелік құралдар мен (немесе) монографиялар үшін – PDF нұсқасы ұсынылады.

4.2. Құжаттарды қарау және шешім қабылдау тәртібі:

- 1) аттестатталушы педагогикалық қызметкерлердің құжаттарын қарау;
- 2) аттестациялық комиссия мүшелері тарапынан ұсынылған

құжаттардың сәйкестігін растау;

3) қажет болған жағдайда аттестацияға қатысушылармен әңгімелесу өткізу;

4) қорытынды шығару;

5) ҚАЕУ педагогикалық қызметкерлерін аттестациялау туралы ректор бұйрығын шығару.

Аттестациялық комиссия шешімі аттестациялық параққа «аттестатталады», «аттестатталмайды», «шартпен аттестатталады» деген белгімен рәсімделеді.

Аттестация қорытындысы бойынша барлық комиссия мүшелері қол қоятын аттестациялық комиссия отырысының жиынтық хаттамасы жасалады.

«Шартпен аттестатталады» деген жағдайда, аттестатталушы келесі оқу жылы ішінде комиссия мүшелері көрсеткен шартты орындауға міндетті.

Шешім комиссия отырысында оның құрамының кемінде 2/3-і қатысқан жағдайда қабылданды деп есептеледі.

Дауыс беру нәтижесі комиссия мүшелерінің басым дауысымен анықталады. Дауыстар тең болған жағдайда Төрағаның дауысы шешуші болып табылады.

Аттестатталушы педагогикалық қызметкер «атқарып отырған лауазымына сәйкес емес» деп танылған жағдайда, ол төменгі лауазымға ауыстырылады.

Қызметкер төменгі лауазымға ауысудан жазбаша түрде бас тартқан жағдайда, еңбек шарты ҚР еңбек заңнамасына сәйкес бұзылады.

Бұдан кейін аттестациялық комиссия шешім шығарған соң, аттестатталушы педагогикалық қызметкерлердің барлық құжаттары ҚАЕУ кадрлар басқармасы бөліміне өткізіледі және сол жерде 3 жыл бойы сақталады.

	Қазақстан-Американдық еркін университеті	Күні 10.01.2022 ж.
	ҚАЕУ ПОҚ және ғылыми қызметкерлерін аттестациядан өткізу ережелері 9 беттен 6 бет	СІҚЖ редакция 3

5.АТТЕСТАЦИЯЛЫҚ КОМИССИЯ ШЕШІМІНЕ ШАҒЫМ ЖҮРГІЗУ ТӘРТІБІ

5.1. Аттестациялық комиссия шешімімен келіспеген жағдайда аттестатталушы Қазақстан Республикасы заңнамасымен белгіленген тәртіп бойынша шағымдану құқығына ие.

5.2. Шағым аттестация нәтижелері жарияланған күні ректордың бұйрығымен құрылған апелляциялық комиссияға беріледі.

5.3. Осы Ережелердің бұзылуы анықталған жағдайда ректор бұйрықты жойып, жаңа аттестация тағайындауға құқылы.

	Қазақстан-Американдық еркін университеті	Күні 10.01.2022 ж.
	ҚАЕУ ПОҚ және ғылыми қызметкерлерін аттестациядан өткізу ережелері 9 беттен 7 бет	СІҚЖ редакция 3

Қосымша 1

АТТЕСТАЦИЯЛЫҚ ПАРАҚ

Расталатын лауазым: *ҚАЕУ ОҚЫТУШЫСЫ; АҒА ОҚЫТУШЫСЫ; ҚАУЫМДАСТЫРЫЛҒАН ПРОФЕССОРЫ (ДОЦЕНТ); ПРОФЕССОРЫ; ПРОФЕССОР-ЗЕРТТЕУШІСІ (расталатын лауазымды көрсету).*

Т.А.Ә. _____

Кафедра _____

№	Біліктілік талаптары	Аттестатталушы педагог қызметкер толтырады	Сәйкестікті растау (аттестациялық комиссия мүшелері толтырады)
1	Ғылыми дәрежесінің, PhD (философия докторы) академиялық дәрежесінің болуы	<i>Дәреже көрсетіледі</i>	
2	Халықаралық конференцияларда (соңғы 5 жылда) жеке немесе авторласып жарияланған баяндамалар саны (тезистер және т.б.)	<i>Жарияланған баяндамалар саны (тезистер және т.б.) көрсетіледі және растайтын сканерленген материалдар электронды тасымалдағышта қоса беріледі</i>	
3	ҚАЕУ басылымдарында жарияланған мақалалар саны (соңғы 5 жылда)	<i>Жарияланған мақалалар саны көрсетіледі және растайтын сканерленген материалдар электронды тасымалдағышта қоса беріледі</i>	
4	Импакт-фактор көрсеткіші бар JCR (ЖСР) мәліметтері бойынша немесе Web of Science Core Collection (Вэб оф Сайнс Кор Коллекшн) дерекқорындағы Science Citation Index Expanded, Social Science Citation Index немесе Arts and Humanities Citation Index базаларының бірінде индекстелетін халықаралық рецензияланатын ғылыми журналдарда жарияланған мақалалардың болуы жөніндегі талаптар (соңғы 5 жылда)	<i>Жарияланған мақалалар саны, журналдың процентиі көрсетіледі және УМГТСО-ден алынған сканерленген анықтама электронды тасымалдағышта қоса беріледі</i>	
5	ҚР ҒЖБМ СҚК ұсынған ғылыми қызмет нәтижелерін жариялауға арналған ғылыми басылымдар тізбесіне енгізілген басылымдарда жарияланған мақалалар санына қойылатын талаптар (соңғы 5 жылда)	<i>Жарияланған мақалалар саны көрсетіледі және растайтын сканерленген материалдар электронды тасымалдағышта қоса беріледі</i>	
6	Оқу-әдістемелік құралдар саны (соңғы 5 жылда)	<i>Саны көрсетіледі және растайтын сканерленген материалдар электронды тасымалдағышта қоса беріледі</i>	

	Қазақстан-Американдық еркін университеті	Күні 10.01.2022 ж.
	ҚАЕУ ПОҚ және ғылыми қызметкерлерін аттестациядан өткізу ережелері 9 беттен 8 бет	СІҚЖ редакция 3

7	Монографиялар саны (соңғы 5 жылда)	<i>Саны көрсетіледі және растайтын сканерленген материалдар электронды тасымалдағышта қоса беріледі</i>	
8	Соңғы 3 жыл ішінде мемлекеттік бюджет есебінен қаржыландырылатын ғылыми жобалар мен бағдарламаларға зерттеу тобының жетекшісі немесе мүшесі ретінде қатысуы	Жоба, бағдарлама атауы және іске асыру мерзімдері, ЖТН көрсетіледі	

Аттестациялық комиссияның шешімі _____

Күні _____

	Қазақстан-Американдық еркін университеті	Күні 10.01.2022 ж.
	ҚАЕУ ПОҚ және ғылыми қызметкерлерін аттестациядан өткізу ережелері 9 беттен 9 бет	СІҚЖ редакция 3

***ҚАЗАҚСТАН-АМЕРИКАНДЫҚ ЕРКІН УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
ПРОФЕССОР-ОҚЫТУШЫЛАР ҚҰРАМЫ МЕН ҒЫЛЫМИ
ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІН АТТЕСТАЦИЯДАН ӨТКІЗУ ЕРЕЖЕЛЕРІ***

Ақпараттық басылым

© Қазақстан-Американдық
еркін университеті, 2022

070000, Өскемен қ., Горький көшесі, 76
тел. (7232) 50-50-10,
e-mail: kafu_ukg@mail.ru
web: www.kafu.edu.kz